

Өмірбекова Әлия Өмірбекқызы
Филос.ғ.к., Әл-Фараби ат.ҚазҰУ
Философия және саясаттану факультеті
Дінтану және мәдениеттану кафедрасының доценті

**Қазіргі нарықтық қоғамдағы білім мен жұмыс берушілердің ынтымақтастығы
аясындағы заманауи білім беру бағдарламалары**

(«Мәдениеттану» мамандығының мысалында)

Жоғары білім – қазіргі өмір салауатына тән кәсіби білімдер мен сенімділіктің жиынтығы. Қоғамның даму заңдылықтарын оқу – әлеуметтік және экономикалық прогреске жетудің басты бағыты. Іргелі ғылымды терең және жүйелі игерудің мәнін жекелеген ақиқатпен формулаларды жатқа білу арқылы жоғары бағалауға болмайды. Теория білімі сенімділікке айналғанда, іспен бекітілгенде ғана құнды болады. Қазіргі нарықтық көзқарасты тәрбиелеу ісінде маңызды рөл қоғамдық ғылымдарға тән. Барлық әр түрлілікте анықтау және тәжірибелік қызметте әлеуметтік-экономикалық дамудың жалпы заңдылықтарын ескеру қазіргі ғылыми теорияның терең білімінің негізінде мүмкін. Бұл білімдер әлемдік ғылымдар интеграциясының бүкіл әлемдік тарихи үдерісінің мазмұнын жақсы түсінуге мүмкіндік беретін қоғамдық даму заңдылықтарын, жаңа теориялық ережелерді, қорытындылар мен нақты мәліметтерді ұғынуға ұмтылушыларды қамтамасыз етеді.

Шаруашылықты жүргізудің нарықтық тәсілінің заңдылықтарын зерттеу қазіргі ғылыми теорияның құралдарын шығармашылық меңгеру негізінде мүмкін. Соңғы жылдары әлемдік достық, трансұлттық корпорация (ТҰК), Еуроодақ (ЕО) сияқты халықаралық одақтар қарқынды дамыды. Бұрынғы КСРО елдерінің мақсаттары мен экономикалық мүдделерінің ортақ бірлестігі – тәуелсіз мемекеттер Достығы интернационализм қағидаларының негізінде жан-жақты достастықты дамытады. Қазіргі жағдайда әлемде әлемдік саяси климаттың өзгеруі экономикалық білімнің интернационализациялану идеясының кеңінен дамуы үшін қолайлы салдарларын тудырады.

Қазақстанның қазіргі даму сатысында қоғамдық ғылымның рөлінің өсуі қоғамдық дамудың танылған заңдарының негізінде нарықтық шаруашылықтың дамуымен анықталады. Жастардың меңгерген көзқарастарынан, экономикалық ойлауынан және өмірлік шынығуынан Қазақстанның экономикалық даму жетістіктері тәуелді болады. Бұл болашақ маманның тәжірибелік жұмысында үлкен мәнге ие болады. Қазіргі экономикалық теория творчестволық сипатта. Шаруашылықтың нарықтық механизм теориясы мен біздің қоғамымыздың дамуының қазіргі тұжырымдамасы Қазақстанның дамуының көптеген экономикалық, әлеуметтік саяси және рухани сұрақтарын жаңаша қоюға мүмкіндік береді. Қазіргі білім беру стандартына және оқу жоспарына сәйкес студенттер оқу пәндері циклін тізбектікпен оқиды. Философия курсына табиғатты, қоғамды, және адамның ойлауының жалпы заңдылықтары оқытылады, табиғат және қоғамның барлық ұғымдарын оқудың әдістемелік сұрақтары қарастырылады, табиғат, қоғам және адамның жан-жақты дамуы және теориялық ойлаудың философиялық әдісі ретінде диалектика негізделеді.

Диалектика білімі жаратылыстану ғылымдарының әдісі мен мәнін дұрыс түсіну үшін қажет. Философиялық негізсіз экономикалық ғылымдарды оқып үйрену мүмкін емес. Барлық экономикалық ғылым, оның ішінде, экономикалық жай фактілерді жинақтаумен шектелмейді, ол жекелеген фактілер арасындағы логикалық байланысты анықтап, оларды жалпылап, жүйелеуі қажет. Бұл маңызды міндетті шындықты танудың сенімді құралы, диалектикамен жетекшілік ете отырып, сәтті орындауға болады. Диалектика – экономикалық ғылым негізі, ол экономика және философия арасындағы кедергіні жоюға мүмкіндік береді. Сондықтан да, бүгінгі таңда философия ғылымының өзектілігін аоттыра түскен абзал.

Студенттерді нарықтық жағдайға сәйкес ойлау қағидалары мен оларды әр түрлі жағдайларда пайдалануды таныстыратын курстар игеру арқылы қалыптасатын жоғары білім жүйесінде қоғамдық ғылым орны келесілермен анықталады:

Біріншіден, білім алушы студентке қазіргі әлемнің даму заңдары жөнінде білімдер жүйесін бере отырып, олардың жалпы білім беру мәні болады, ал бұл оның көзқарасын, жоғары жалпы мәдениетін кеңейту үшін қажет;

Екіншіден, болашақ маманға олардың толық кәсіби және шаруашылық қызметі үшін қажет;

Үшіншіден, олардың үлкен тәрбиелік мәні болады.

Білім — бүгінгі өмірдің ең үздіксіз дамымалы сатысының бірі. Ол мәдениетті сақтаудың және оны келешек ұрпаққа жеткізудің басты құралы болып табылады. Білім қоғам дамуының интеллектуалдық қана емес, сонымен қатар экономикалық базасын жасайтын өндірістік рухани маңызды саласы. Адам білім арқылы ғана жеке басының қажеттігі мен өзіндік дамуын қанағаттандыра алады. Ол жаңа әлеуметтік-экономикалық өрлеу дәуірінде әлеуметтік қарқынды дамудың қайнар болып саналады. Ал, болашақ қоғамның негізгі бүгінгі студент-жастар екендігі белгілі. Жастар Қазақстан халқының жартысынан артығын құрайды және қоғамның бұл өзгермелі, белсенді және «тәжірибесіз» бөлігі ел болашағында шешуші рөл атқарады. Н.Ә. Назарбаев осы мәселеге ерекше назар аудара отырып: «Кез келген ел өзінің келешегін өскелең ұрпағымен байланыстырады. Әр буынның өзіндік тағдыры бар. Сіздерде де ол өздеріңіздікі. Сіздерге осындай уақытта өмір сүру үлесі тиді. Және сіздер елді көтере аласыздар... Қуатты күш болғандықтан Қазақстан Республикасы кері бағытта жүргісі келмейтіндігін нық жариялай отырып, жастар жүргізіліп жатқан реформалар бағдарын қолдай алады» [1]. Тиімді әрі пәрменді әрекет ету үшін жастарда әрі озық, әрі еліміздің түбегейлі мүдделеріне сәйкес саяси құндылықтар жүйесін қалыптастыру міндеті айқындалып тұр. Бұл істі әлеуметтік стихияға беріп қою дұрыс емес. Өйткені бос қалған орын міндетті түрде толтырылады.

«Қандай қиын қыстау жағдайда да адамдар үшін өзекті болып қала беретін даусыз құндылықтар әрдайым болған және бола береді. Қоғамның адамгершілік деңгейін анықтайтын рухани байлық пен мәдениет осылардың қатарына жатады. Мүмкін осы қиындыққа толы қым-қуыт жылдарда өзіміздің құндылықтарымызды сақтап қала білгендігіміз біздің басты жетістігіміз болар» деп елбасымыз [2] айтқандай саяси құндылықтар объективті жүріп жатқан саяси процестің даму үрдісінің мән-мағынасы мен бағыт-бағдарын айқындап отырады. Ол адамның қоғамда қалыптасқан адамгершілік, салт-дәстүр, мінез-құлық қағидаларын адамзат жасаған өмірлік құндылықтар мен талғамдарды, рухани байлықтарды бойына сіңіріп, меңгеруді талап етеді. Соның нәтижесінде адам бойында өзінің мінез-құлқын, жасаған іс-әрекетін басқа адамдардың сондай жасаған қылықтарымен салыстыру, соған байланысты баға беру, сөйте келе өзінің кім, қандай екенін түсіну, яғни адамның өзін-өзі танып білу қабілеті жетіледі. Адам қоғамнан өз орнын табуға, оған пайда келтіруге тырысады. Кез-келген құндылықтар жеке дара әрекет етпейді. Олар басқа да тұлғалық құрылымдармен бірігіп, күнделікті өмірде тіршілік стилі (келбеті) арқылы көрініс табады. В.Я. Ядов оны әлеуметтік іс-әрекеттің өзегі ретінде қарастырады (әлеуметтік диспозиция) [3].

Жастардың болашақ құндылықтық бағдарларын қалыптастыруда патриоттық тәрбиенің мәні зор. Қазақ халқы «Отан» ұғымын бала бойына ерте сіңіруге тырысқан, оны туған жер, ата-мекен, ел-жұрт ұғымдарымен байланыстырған. Қазақ баласы үшін отан — отбасынан, ата жұртынан, туып өскен топырақтан басталады. Бұны қазақ халқының мына мақалынан айқын аңғаруға болады. «Малым — жанымның, жаным — арымның садағасы». Осылайша халық ар-намысты жоғары қойған. Қазақ халқының ұлттық тәрбиесінің ең бір бийігі — ата-анасын, үлкенді құрметтеу т.б. ұғымдар қабысып — отаншылдық, елжандылық ұғымдарына алып келеді. Мұндай ұғымдар негізінде тәрбиеленген патриоттық сезім қалыптастыратындығы анық. Бүгінгі ұрпаққа адамзат тарихында ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан осы патриоттық тәрбиені, отаншылдықты, елжандылықты, жас

ұрпақ бойына дарыту бүгінгі күннің көкейкесті мәселесінің бірі болып отыр [4]. Бүгінгі таңда тағы да өзекті деп айтуға мәжбүр болып отырған тәрбие түріне еңбекке тәрбиелеу Еңбек тәрбиесі дегеніміз – бұл еңбекке жаңаша қарау, еңбек процесінде дұрыс қарым-қатынасқа (еңбексүйгіштік) түсу, еңбек ете білушілік қабілеттердің қалыптасуына психологиялық тұрғыдан даярлық жасау болып табылады. Жастарды еңбекке тәрбиелеу міндеттері: оларды жалпы қоғамдық және пайдалы қызметке даярлау, олардың бойында қажеттілік ретінде еңбекке деген саналы көзқарасты қалыптастыру, мамандықты толыққанды игеріп, кәсіби қызметінде қолдана білуге мүмкіндік жасау. Бірақ, ең бастысы еңбек тәрбиесі процесінің мәні – әрбір нәтижелі істе өзіндік қолтанбаның болу қажеттігін қалыптастыру, адамдарды, заттарды, дүниені өзгертуші ретінде еңбектің жасампаздық құдіретін бағалау екенін атап айтқан жөн.

Осы заманғы жастар тәрбиесінде адамның экологиялық мәдениеті ерекше мәнге ие болып отыр. Қоғам мен табиғаттың осы заманғы өзара әрекеттесуінен туындаған бүгінгі заманғы проблемалардың бірі – табиғат пен адамдардың теріс әрекеттесуі. Экологиялық тәрбиенің мақсаты жастардың өзін қоршаған ортада ғылыми білім, көзқарас және сенім жүйесін қалыптастыру. Соған байланысты жалпы білім жүйесінде экологияның түрлі мәселелерін қайта қараудың қажеттігі пайда болды.

Экологиялық тәрбиенің мақсаты студент жастардың бойында білім, көзқарас, сенім жүйесін қалыптастырып, сол арқылы олардың қоршаған ортаға деген жауапкершілік қарым-қатынасын жан-жақты дамыту.

Жастардың экологиялық тәрбиелілігінің көрсеткіші ретінде жалпы адамзаттық мораль өлшемдеріне сәйкес келетін адамның табиғатқа көзқарасы жөніндегі практикалық әрекетін атауға болады. Нәтижесінде экологиялық білім мен тәрбие экологиялық мәдениетті қалыптастыру мақсаттарына сәйкес келеді. Жоғарыда аталғандарды ескере отырып, экологиялық білім мен тәрбиенің төмендегі міндеттерін бөліп алуға болады:

1. Жетекші идеяларды, негізгі түсініктер мен ғылыми фактілерді меңгерту арқылы адамның табиғатқа ықпал етуі.

2. Қоғамның материалдық және рухани күштерінің қайнар көзі ретінде табиғаттың көп қырлы құндылығын түсіну.

3. Табиғатты тиімді пайдалануда қолданбалы білімдерді, практикалық біліктер мен дағдыларды меңгерту, қоршаған ортаның жайын бағалай білу қабілетін дамыту, оны жақсарту жөнінде дұрыс шешім қабылдай білуге үйрету.

Бүгінгі күні мәдениет пен мәдени әлеуеттің дамуы әлемнің көптеген халықтары мен мемлекеттерінің дамуының аса маңызды басымдықтарының қатарына кіреді. Табыстың аса маңызды критерийлерінің бірі мәдениеттің даму деңгейі, ұлттық және әлемдік мәдени мұраның сақталуы мен баюын, сапалы мәдени құндылықтардың жасалуын, таратылуы мен қолданылуын, жемісті мәдени алмасу мен тұлғаның рухани-шығармашылық тұрғыдан қабілетін өздігінен іске асыруын қамтамасыз ететін тиімді жұмыс істейтін мәдени институттар инфрақұрылымы мен тетіктерінің болуы дегені [5]. Осы мақсатта және заман талабына орай «Мәдениеттану» мамандығын оқытып, кәсіби жоғары білімді мамандарды дайындау мақсатында жаңа білім беру бағдарламалары дайындалып, жүзеге асырылып отыр. Мәселен, қазіргі заманның сұраныстарын қанағаттандыру жолында соны бағыттағы бағдарламалар негізінде, яғни, болашақ мамандардың ары қарайғы қызметінде қолдануға қажетті теориялық білімді толық игеретін кәсіби мамандар даярлануда. Оның жарқын көрінісі ретінде, «Теориялық-әдіснамалық зерттеулер», «Мәдениеттегі менеджмент», «Мәдени саясат» сынды «Мәдениеттану» мамандығының магистратура деңгейінде жеке білім беру траекториялары құрылды. Осы ретте, «Мәдени саясат – әрбір табысты мемлекеттің, қоғамның басты құндылық бағдарлары мен тұлғаның жасампаздық бастауы ретінде қалыптастыратын негізгі идеологиялық платформасы. Мәдениет саласындағы жетістіктер ведомстволардың, мәдениет мекемелерінің жұмыстарымен, статистиканың сандық көрсеткіштерімен және белгілі есімдермен ғана өлшенбейді.

Мәдениет – бұл негізінен демалыс және ойын-сауық саласы екені туралы қоғамдағы қалыптасып кеткен көзқарастарға қарамастан, оны ең алдымен әлемдегі елдердің ұлттық идеологиялары мен ұстанымдарын қалыптастырудың мықты құралы деп қарау керек» [5] екендігін есте ұстағанымыз абзал және де материалдық құндылықтардың басымдылығы, тіпті тек аталған құндылықтар ғана (өкінішке орай) орын алып отырған уақытта саналы, оңды қадам жасаған дұрыс.

Ал, жеке білім беру траекториялары бойынша білімді игеру арнайы курстар арқылы жүзеге асырылатындығы белгілі. Арнайы курстар жұмыс берушілердің ұсыныстары арқылы жасалып, уақыт талабына орай толықтырылып отырады.

Қорыта айтқанда, біздің еліміздің интеллектуалды қауымдастығының алдына қойылған интеллектуалды ұлт, адами капитал, бәсекеге қабілетті мамандар қалыптастыру мен әлемнің жоғары дамыған отыз еліне ену сынды міндеттерді жүзеге асыру мүмкін екендігін атап өткіміз келеді. Осы ретте экономикалық жоғары дәрежелі даму негізі – асқақ рухты тұлға ретінде танылатын, кәсіби тұрғыдан жоғары деңгейді иеленген маман екендігін атап өтуге болады. Ал осындай кәсіпқой маманды, рухы асқақ азаматты, жауапкершілікті тұлғаны тәрбиелеу үшін әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдармен жасақталған бәсекеге қабілетті маман дайындауға мүмкіндік беретін оқу бағдарламаларын әзірлеу қажет.

Әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә. Жастар – Қазақстанның нұрлы болашағы // Егемен Қазақстан. – 6 қыркүйек, 2005.
2. Назарбаев Н.Ә. Рухани байлық және мәдениет – қоғамның басты құндылықтары // Егемен Қазақстан. – 18 ақпан, 2000.
3. Ядов В.А. Междисциплинарный подход изучению соотношения между ценностными ориентациями и наблюдаемым поведением // Международный конгресс в г. Варны. – Л., 1970. – 340 с. (11-16).
4. Саханова А. Жастар тәрбиесіндегі – патриоттық тәрбиенің қоғамдағы алатын орны // Ақиқат, 2005. – №4. – 182 б.
5. www.mk.gov.kz/.../obsuzhdenie_proekta/?cid // *Қазақстан Республикасындағы Мәдени саясат тұжырымдамасы.* – Астана, 2014